

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 23 қарашадағы N 1749 қаулысына толықтыру мен өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 шілдедегі N 775 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы аумағында уақыт есептеу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 23 қарашадағы N 1749 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 49-50, 575-құжат) мынадай толықтыру мен өзгерістер енгізілсін:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының аумағы 4-ші және 5-ші сағаттық белдеулерде орналасады деп белгіленсін. Республиканың әкімшілік- аумақтық құрылысына сәйкес сағаттық белдеулердің шекарасы Ақтөбе облысы мен Қостанай облысының, Ақтөбе облысы мен Қарағанды облысының, Ақтөбе облысы мен Қызылорда облысының арасында өтеді." ;

4-тармақтағы "Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім" деген сөздер "Ақпарат" деген сөзбен ауыстырылсын.

*Ескерту. 1-тармақтан абзац алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.03.15. N 231 қаулысымен .*

2. ( а л ы н ы п т а с т а л д ы )

*Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.10.15. N 1059 қаулысымен , 2-тармақ алынып тасталды - 2005.03.15. N 231 қаулысымен .*

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.М.Мыңбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*